



ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

Тарихи антропология және ауызша
дәстүр





Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропология және ауызша дәстүр
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

Мақсаты: Тарихи антропология аясына енетін тақырыптардың бірі ауызша тарих, себебі қазіргі заманда пайда болған бұл ғылым ауызша деректерге сүйенеді. Осы дәрісте біз негізінен ауызша тарих туралы мәселелерді қарастырамыз.

Негізгі идеялары:

1. Ауызша тарих Еуропа ғылымында

Сәлеметсіздер ме, құрметті онлайн-көрермен. Бүгін біз белгілі Ресей антропологиясы М.М.Кромның «Тарихи антропология» оқу құралы (үшінші басылым, түзетілген және толықтырылған) кітабы бойынша дәрістер топтамасын жалғастырамыз. Еуропалық ғылымда ауызша тарихи дәстүрді ғылыми сараптау және оны жазба дәстүрлері жоқ халықтардың тарихын жазуда қайнар көз ретінде қолдану талпыныстары XX ғасырдың басында басталды. Бұл әрекеттер әрине өз кезегінде тарихтың осыған дейін даму нәтижелеріне сүйенді, тарих қашанда жеке ғылым саласы ретінде тарихи аңыздарды, эпикалық немесе лироэпостық жырларды, мифтер мен әртүрлі әңгімелер белсене пайдалануға негізделді. Бұған көз жеткізу үшін Геродоттың «Тоғыз кітапты тарихын» немесе антика дәуірінің кез келген тарихшысының еңбектерін ашып көрсек жеткілікті. Бұл дәстүр антика әлемімен және оған көршілес региондармен шектелмейді. Шығыстың ерте тарихнамасы да ауызша тарихи дәстүрді пайдалану құрыла бастады. Алайда уақыт өте келе жазба деректер көбейді де батыс тарихшылары жазба деректерге негізделмеген тарихи зерттеулердің шынайылығына күмән келтіре бастады. Бұл көзқарастар Африка тарихын ауызша деректер арқылы жазба болған ғалымдардың еңбектеріне қатысты айтылған ағылшын зертеушісі Хью Тревор-Ропердің: «Мүмкін, болашақта әйтеуір бір Африка тарихы жазылар... Қазір ол жоқ, тек еуропалықтардың Африкадағы тарихы ғана бар. Одан басқасы қараңғылық..., ал қараңғылық тарихтың пәні болып табылмайды» деген пікірінен анық сезіледі.

Сыншылардың екінші аргументі – дәстүрлі қоғамдарда батыс және шығыс түсінігіндегі кәсіби тарихшылар тобының болмауы. Тарихпен айналысу міндетті түрде жылнамалармен, оқиғаларды және фактілерді қағазға түсірумен, билеуші әулеттің хроникасын жазумен ассоциацияда қарастырылады. Арнайы атап өту керек, тарихи сезіну қабілеті, яғни көптеген жазбасыз хылықтарға тән, әсіресе көшпелілерге етене, оны қасиеттеу мен түйсіну ауызша дәстүрдің қарсыластары есепке алмайды. Бұл жерде Қазақстанның қазіргі тарихшы ғалымдары мен олардың еңбектерін сынаудың реті де жоқ, бұл мәселе арнайы тақырып. Бірақ, ескерте кететін мәселелер мен аргументтер дәлелдемелері екі жақта да мол.

Ауызша дәстүр қазіргі тарихнамаға тән оқиғаларға таңылу, эмпиризм гегемониясы және бір жазылғанды екінші рет көшіру сияқты қағидаларын тіпті де ескермейді. Оқиға және факт – қазіргі тарих ғылымы бірнеше жүз жыл өз құрылысына пайдаланып келе жатқан құрылыс материалдары. Алайда еуропалық ғылым өзінің аяғындағы шідерден құтылуға тырысатыны байқалады. М.Блок бір еңбегінде «Мәселе Исаның (Иисус пайғамбар-Ж.А.) креске керіп шегеленгенінің болған болмағанын, одан кейін қайта тірілуін анықтау емес. Бізге маңыздысы біздің жан жағымыздағы осыншама адамның керу мен тірілуге қалайша сенетінін түсіну».

Еуропа ғалымдарының ауызша тарихқа бет бұруы Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін басталды. 1948 жылы Америка Құрама штаттарында Колумбия университетінің профессоры Алан Невинс сейсмологиялық және теңіз геодезиялық жұмыстарының негізін салушы пионерлердің өмірін зертеуге арналған «Ауызша тарих проектін» ұйымдастырды. Ауызша тарих зерттеу әдістерін әлеуметтік және жеке бас қарым-қатынастарын қайта қалпына келтіруге қолдану ауызша тарих табиғатының ыңғайлылығына байланысты. Қоғам дегеніміз адамдардың жиынтығы, ал кез келген қоғамның өмірі қызықты, бұл жолдың негізгі қағидалары да осында. Қазіргі ауызша тарих ілімінің негізін салушылардың бірі Пол Томсон атап көрсеткендей «қоғам мен тарих арасындағы қарым-қатынас кез келген жағдайда бір жақты болмауы керек, бұл дегеніңіз үздіксіз айырбас, ақпаратпен оны тәпсіреудің, оқытушы мен аудитория арасындағы өзара диалектикалық байланыс».

Бір сөзбен айтқанда ауызша тарих – бұл адамдарды айнала қоршаған тарих. Өзінің табиғаты бойынша ол тарихты нақты өмірмен толтыруы керек, яғни ол қаһармандарды тек қана көсемдердің арасынан ғана емес, үнсіз өз тіршілігін жасап жатқан қарапайым халықтың арасынан да табуға мүмкіндік береді. Міне осындай тарихтың демократиялық түрі «ауызша тарих» ұғымды мазмұн береді. Біздің ойымызша зерттеушілерге бұл ұғымды ауызша дәстүр деп нақты айырып қараған жөн. Бір қарағанда ауызша дәстүр ауызша тарихтың



Кітап: Тарихи антропология
Дәріс: Тарихи антропология және ауызша дәстүр
Дәріс авторы: Жамбыл Артықбаев

қайнар көзі сияқты, ал шын мәнінде жеке мағынаға ие. Мәселе ауызша дәстүрдің көптеген ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы дәстүрлі тарихтың негіхін құрағынында. Оны алғашқы тарих туралы тәжірибе деп те айтуға болады. П.Томпсон дұрыс атап өткендей «осы таяуда ғана ауызша қайнар көздермен жұмыс істей білу ұлы тарихшыларға ғана тән, солардың ғана қолынан келетін қасиет деген ұғым өмір сүруін тоқтатты».

Біздің оймызша жоғарыда келтірілген П.Томпсон және басқа да англо-американдық тарихшылардың «ауызша тарих» ұғымына берген анықтамасынан Ян Вансинаның «ауызша дәстүр» туралы түсініктері арасында үлкен алшақтық бар сияқты. Алғашқылары ауызша тарих дегенде ең алдымен оның халықтығын, яғни демократиялық негізін, қолжетімділігін меңзесе, Ян Вансина «ауызша дәстүр» ұғымына зерттеушілердің әр біреуінен табыла бермейтін кәсібилік деңгейінде ғана анықталатын күрделі категорияларды енгізеді. Біріншіден, бұл әр түрлі ғұрыптарды, ұрандар мен титулдарды жатқа білу, қанатты сөздермен жеткізу. Екіншіден, бұл географиялық атаулар мен адам аттары. Үшіншіден, тарихи, діни және жеке поэзия. Төртінші категория- әңгімелер- тарихи, дидактикалық, көркем және жеке басқа қатысты. Ең соңында, бесінші, әдет-ғұрып заңдары және басқа тәпсірлер. Егер салыстыра қарасақ осы айтылған мәселенің бәрі де қазақ шежіресі аталатын ұғымның мәні мен мазмұнын құрайды, сол себепті де, оны ауызша дәстүрмен теңдестірмеске лаж жоқ.

Ауызша тарих тұжырымдамасы

Соныменен, еуропалық ғылым өткен тарихты қайта қалпына келтіру үшін ауызша дәстүрге байсалдылықпен бет қойды. Бүгінгі күні ең күрделі зерттеулер мына сұрақтардың маңында өрістеуде: а) ауызша дәстүр қоғамдағы әр қилы идеологиялық, сонымен бірге ресми мәселелерді қаншалықты көрсете алады, ә) ауызша тарихи дәстүрге тән қарапайым циклдық, жабықтықты қазіргі күні барлығымыз қабылдаған бір түзудің бойындағы жылсанаумен қалай қабат қарастыруға болады, б) кей кейде өте көне заманның тарихи шындығына негізделген ауызша тарихи дәстүрге тән аңыздық (әфсана-жыр) тәпсірлеу қосымша дәлелдемелерді керек етеді, егер ол заман туралы біздің қолымызда аңыз ғана болса, біз басқа дәлелді қайдан таппақпыз? Алайда, осы сияқты сұрақтарды тарихтың жазбаша негізделген дәстүрлері де қояды. Бір сөзбен айтқанда жазба және ауызша тарихтардың негізгі мәселелері ауызша дәстүр бойынша белгілі маман Я.Вансина атап көрсеткендей өте ұқсас: «Ауызша дәстүрде біз қашанда бір жаққа бағытталған және мүмкіндігі шектеулі білімдердің жиынтығын көреміз, бұл жазба қайнар көздерге де тән». Еуропалық тарих ғылымында ауызша дәстүрді ерте мойындағанымен тарихи фольклордың деректанушылық құндылығын объективті түсінумен бірге жазбаға жатпайтын барлық қайнар көздердің қызметін жоққа шығару тенденциясы бар. Ол алдымен неміс тарих ғылымында документалды дәстүрдің қалыптасу процесімен байланысты. Осы бағыттың ықпалымен Сорбон зерттеушілері К.-В.Ланглуа и Шарль Сейнобо өздерінің классикалық «Тарихты зертеуге кіріспе» (1898 г.) оқулығына «документ жоқ болса-тарихта жоқ» деген шешімін үзілді-кесілді бекітеді. Тек қана жазба құжаттың сөзсіз шынайылығына негізделген түсініктер «фактілер культі» қайнар көздерді кешенді және сыни көзқарас тұрғысынан талдау қажеттілігі туралы түсінік қалыптасқан ХХ ғасырдың ортасына дейін үстемдік етті. Бізде болса шаруа басқаша болып тұр. Ауызша тарихты агрессивті түрде жоққа шығару тіл білмеумен, этнотарихи материалдармен жұмыс істеу қажеттілігінен қашудан, қазақтың дәстүрлі құндылықтарына мұрын шүйіріп менсінбей қараудан, ең бастысы нигилизмнен бастау алады. Егер қазіргі тарихшы тілді және өткеннің графикалық жүйелерін білмесе, егер ол ауызша дәстүрде аяқ басқан сайын кездесетін күрделі формулаларды шешуге қабілетсіз болса, ол Еуразия көшпелілерінде тарихты түсінудің өзіндік жолы жоқ деген сөз емес. Жалпы ауызша дәстүрге қатысты нигилистік көзқарас қазіргі уақытта тарихшы ғалымдардың кәсіби қауымдастығының жоқ екенін көрсетеді. Зерттеп отырған халықтың тілі мен мәдениетін білу зерттеудің шынайылығының бірінші шарты екенін ауызша дәстүрдің ғылыми негізін салған Я.Вансина сияқты ғалымдар да бірнеше рет ескерткен болатын.

Қайталау айтсақ, әфсаналық сюжеттерде, аңыздық генеалогияларда қазіргі қазақстандық тарих ғылымы тарихи оқиға деп танитын дүниелерді кездестіру қиын. Оны бар деп тану үшін анау-мынау жазба деректер, документ (статистические или цифровые данные), осыған байланысты методология сапасында айтылған классиктердің пікірі керек. Совет дәуірінен қалған осы сияқты дәстүрлері қазіргі уақытта тарих ғылымын тек қана тоқырауға ғана емес, сонымен бірге құрбандықтардың өмірін жазалаушы жендеттердің жазғаны бойынша баяндауға алып келді. Жазба деректерге негізделген біздің тарихнаманың тағы бір осал тұсы ол тек саяси оқиғаларға жіпсіз байланған, себебі жазба құжаттардың көпшілігін тек соғыс, революциялар,



катастрофалар т.б. береді. Осы себептерге байланысты шын мәнінде ғылым өзінің пәндік мағынасы мен тарихын жоғалтып алады, осылайша кейде қарап отырсаңыз адам ғылыммен айналысады, ғылыми атақтар алады, бірақ өзінің пәндік мағынасын түсінбейді.

Осыған байланысты ұлы Марка Блоктың ортағасырлық ауызша және халықтық қайнар көздердің мағынасы туралы айтқаны аса құнды: «ерте ортағасырларда әулиелердің өміріне арналып жазылған өмір деректердің кем дегенде төрттен үш бөлігі бізге өздерін сипатауға тиіс болған қасиетті тұлғалар туралы ешқандай салмақты дерек бермейді. Бірақ біз ол жазбалардан агиограф тіпті бізге жеткіземін деп жоспарламаған, сол заманда үстемдік құрған ерекше өмір сүру дағдысы мен ойлау қабілетіне қатысты нұсқауларды іздеп көрейікші, сол кезде бұл өмір деректердің құны бізге баға жеткізбес деңгейге көтеріледі».

Негізгі терминдер:

антропология, тарихи антропология, мәдени антропология, әлеуметтік антропология, физикалық антропология, «Анналдар» мектебі, саяси антропология, әскери-тарихи антропология, ауызша тарих, күнделікті өмір сүру салты тарихы, әлеуметтік ғылымдар, қоғамдық ғылымдар, микротарих, француз тарихнамасы, ментальдық тарихы, заманауи тарихи ғылым, гуманитарлық білімдер

Қосымша әдебиет:

1. Артықбаев Ж.О. Тарих философиясынан лекциялар. Алматы, Лекции по философии истории. Бірінші бөлім. Алматы, 2019.
2. Блок М. Апология истории или ремесло историка. /Перевод Е.М. Лысенко. Примечания А.Я.Гуревича. - М., 1973.
3. Бродель Ф. Структуры повседневности: возможное и невозможное //Материальная цивилизация, экономика и капитализм XV-XVIII вв. /Перевод Л.Е. Куббеля. Вступит. статья и ред. Ф.Н.Афанасьев. – Т.1. - М., 1986.
4. Вундт Вильгельм. Социальные законы // Философия истории: Антология. Сост., ред. и вступ. ст. Ю.А.Кимелева. - М., 1995.
5. Вебер А. Избранное. Кризис европейской культуры. - СПб., 1998.
6. Время мира. Альманах. Вып.1-2. Структуры истории. Под. Ред. Н.С.Розова. Новосибирск, 2001
7. Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. - Алматы, 1993.
8. Хейзинга Й. Homo Ludens. Статьи по истории культуры/ Пер., сост. и вступит. статья Д.В.Сильвестрова. Коммент. Д.Э.Харитоновна. - М., 1997.
9. Ясперс К. Смысл и назначение истории. /Пер с нем./ /Мыслители XXв./ - М., 1991.
10. Vansina J. Oral Tradition. A Study in historikal metodology. Chicaqo, 1965.